

Дәулеттілер кемтар, кедейлерге көмектесіп, жақсылық жолында ізгі іс қылса, қатарға тез қосылар еді, зұлымдық тез жойылар еді деген адамгершіл сенім гуманист ақынды біраз еліктірді. Осыдан келіп оның кейде бар, бай адамдарды ақылға келтіруге болmas па еді деген адамгершіл үміттің аясынан шыға алмай қалатын шақтары да кездеседі.

Ақынның «Сараңдық пен жинақылық» деген әңгімесінің мәні де терең. Онда жазушы сараптылықта, ұқыпсыздықта, өтірікке, салақтықта, еріншектікке қарсы әңгімелер жазды.

Ыбырай өз шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі қайшылықтарды ашып көрссетті. Сонымен қатар, жаңа әлеуметтік –мәдени жағдайда мектептегі тәрбие жүйесінде ұсынған ескеріліу керек болжамдардың ішінен бастауыш сыныпқа қатысты төмендегілерін белгіп көрсетіп отырмыз.

- Адамгершілік тәрбиесінде үлттық тәрбиенің басымдылығына мән беруі тиіс;
- Адамгершілік тәрбиесін шығармашылық негізінде құру;
- Адамгершілік тәрбие жұмысының жаңа тиімді әдіс, жолдарын пайдалану;
- Адамгершілік тәрбиелік мәдени орта, тәрбиелік қеңістік құру. /7;-68/

Сонымен ғалым-педагогтардың, ағартушылардың, зерттеушілер өз еңбектерінде жастарды адамгершілік тәрбиелеудің орасан зор маңызы бар екендігін дәлелдей түседі.

Адамгершілік мінез-құлық дағдылары мен әдептерді қалыптастыру, адамгершілік сезімді дамыту, моральдық сананы мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру немесе мінез-құлық дағдылары мен әдептерді, мінез бітімдерін, моральдық қасиеттерді қалыптастыру процесі.

Қорыта келгенде, адамгершілік тәрбие – бүгінгі өскелен үрпақтың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттараты үлкенді сыйлау, мейірімділік, кішіпейілділік, шыншылдық, еңбексүйгіштікі қалыптастыру және олардың отбасына, адамдарға, Отанға деген сүйіспеншілік, бауырмалдық, батылдық сияқты қасиеттерін анықтайдын мінез нормалары мен ережелерін дамыту жөніндегі тәрбиешілердің арнаулы мақсат көзделген қызметі нәтижесінде қалыптасады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Жас ерекшелік педагогикасы» С.А. Мұсаев, Т.Б. Бегалиев Оқулық-Астана «Фолиант», 2006ж. 258-266 б.
2. «Педагогика» Ш.Х. Құрманалина, Б.Ж. Мұқанова, Ә.У. Фалымова, Р.К. Ильясова Оқулық-Астана: «Фолиант», 2007ж. 112-114 б.
3. Ұ.Алтынсариннің педагогикалық мұралары. Ә.Сыздыков-Алматы: «Мектеп», 1969ж.
4. «Мектепке дейінгі білім» №2(20) наурыз-сәуір 2009ж. 25 -27 б.
5. Ұ.Алтынсариннің өмірбаянына қосымша.

### ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

**Бисембаева Ж.Қ., Кулатаева К.С.**  
*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Өз мұддесін өзі қорғап, өз есесін өзі түгендеп, халқының үмітін ақтай білетін са-лауатты да, білімді жеке тұлғаны тәрбиелеу – бүгінгі тәрбиеші ұстаздың алдына «Білім ту-ралы» заңының және өмірдің қойып отырған талабы.

Жас үрпақта тәрбие берудің әдіс-тәсілдері мен формалары өзінше бір үлкен маңызды да көп түрлі әлем.

Ал, қазіргі мектептің педагогикалық үрдісі сабак уақытында тәрбиелік іс-әрекеттің бірлігін қарастырады. Әсіресе, халықтық педагогиканы ұтымды пайдалану әрекеттері бірден-бір міндет болып саналады.

Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылыми саласы.

Жас үрпақтың әдептілікке, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеудің таптырмас құралы. Бірақ жерімізде жетгіс жыл бойы билік құрған кеңес дәүірі кезінде жас жеткіншектердің сол мәлдір бастаудан сусындаі алмай келгені өкінішті-ақ. Халықтық педагогика оқу-ағарту саласында тоқсаныншы жылдардың басынан ғана қолға алына бастады.

Халық педагогикасында тәрбие мәселесі бірінші орынға қойылып келді. Ол занды да еді. Себебі, халық педагогикасы ғылым мен мәдениеттің жетілмеген кезінде пайда болғандықтан, тәрбиені еңбек пен өнерге, оның ішінде қол өнеріне негіздей жүргізуі үағызда-ды. Бертін келе, оқу-білім дамып, ғылым мен техника өрістей бастаған кезінде, XVII ғасырдағы ұлы чех педагогы Я.А.Коменскийдің атымен байланысты ғылыми педагогика пайда

болды. Ғылыми педагогиканың теориялық зандары қалыптасып өмірге келді. Я.А.Коменский өзінің атақты «Ұлы дидактика», «Ағайынды чехтарды тәрбиелеу» атты еңбектерінде тұнғыш білім беру ісі мен тәрбие ісін біртұтас процесс деп қарастырылады. Тәрбие мен білім беруді біркітіру тенденциясы оқу-тәрбие ісінің тұтастығынан туындағы. Тәрбиегөне әлеуметтік процесс, ал адамның жеке басының өсіп жетілуі, дамып қалыптасуы – ол әрі әлеуметтік, әрі биологиялық процесс. Осы ерекшеліктен келіп, педагогикада қоғамтану мәліметтерін жаратылыстану мәліметтерімен біркітіре қарастыру қажеттілігі пайдаланылады. Оның себебі педагогика адам тәрбиесінің қажетін етеуші, қоғамдық сұранысты іске асырушының рөлін атқарушы болып отыр. Ал педагогиканың жеке басты (индивидуумды) тәрбиелеп жетілдірудегі іс-әрекеті оқу-тәрбие орындары арқылы іске асырылады. Адам тәрбиесінде білімнің теориялық жақтары шешуші рөл атқарғанымен, оны (теорияны) жеке басты оқытып тәрбиелеп жетілдіруге пайдалану үшін тәжірибеде қолданудың әдіс-тәсілдері керек. Міне, осыдан келіп, теория мен тәжірибеленің, оқытушының өмірмен байланысын, оны іске асырудың жолдарын қарастыратын педагогика ғылымының бір саласы – оқыту мен тәрбиенің әдістемесі туындағы. Білім беру мен тәрбие ісінің теориялары мен өмір тәжірибесі тығыз үштасқанда ғана адам қажетін толық өтей алады. Ғылыми теориялар тәжірибеге негізделмесе, ол тиянақты ғылым болмайтыны сөзсіз.

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мұддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Осы мақсатта әрбір халықтың сан-алуан ой-пікірлері мен іс-тәжірибелері ғасырлар бойы жинақталып отырған. Адамзат баласына ортақ рухани қазынаның құрамдас бір бөлігі болып саналатын бұл жетістіктерді халықтың тәлімгерлік тәжірибесі дейміз.

Қазақ халықтың да сан ғасырлық тарихи-мәдени жетістіктерінің жемісін, рухани байлығын, жанына біткен еңбексүйгіштік, имандылық, бауырмалдық, балажандылық, қонақжайлыштық, әдептілік, әсемдік т.б. қасиеттерін танытатын тәлімгерлік тәжірибесі бар. Онда кешегі өткен данагөй қариялар, ғұлама ойшылдар, би-шешендер және ақын-жыраулардың санаулық болжамдарының, психологиялық пайымдаулары мен педагогикалық тұжырымдашының өшпес ізі жатыр.

Еліміздің президенті Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Қоғамдық ойдың тағы бір бағыты дәстүрге, халықшылықта сүйенеді. Шынында да, бұрынғы қасаң қағидалар жарамсыз болып қалған кезде неге назар аудару керек? Сірә, қарапайым әрі түсінікті, сонымен бірге әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге, дәстүрлерге назар аудару керек», – деген.

Осы орайда елімізде халықтық дәстүрді жинақтап зерттеу, сарапап игеру, оларды жастар тәрбиесіне кеңінен ендіру, жаңғырту үлкен міндет болып табылады. Өмір талабымен бұл өмірге қайта оралған халықтық педагогиканың озық дәстүрлері бұл қунде отбасы, мектеп тәжірибесінен лайықты орын ала бастады.

Бұл мәселеге мемлекет тарапынан да қамқорлық көрсетілуде. Қазақстан Республикасының қазақ тілінің әлеуметтік маңызын арттыру жөніндегі іс-шаралары, ғылым мен мәдениеттің өрістеуін қамтамасыз ететін Конституциясы, еліміздің мәдени-әлеуметтік дамына бағытталған тұжырымдамасы жастарға жалпы адамзаттық және ұлттық илгіліктер негізінде адамгершілік-эстетикалық тәрбие, мәдени білім беру ісін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді деген сенімдеміз. Мұндай игі бастама қазірдің өзінде білім мазмұны мен әдістеріне, оқу жоспарларына жаңа нақтылар мен өзгерістер әкелуде.

Белгілі педагогика классиктерінің өздері де халықтың тәлімгерлік тәжірибесінен үйреніп, оны зерттеулеріне арқау етіп, бұл мәселелерге қазақ ағартушылары Ш. Үәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаевтардан басқа А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, т.б. үлкен мән берген.

Бұғандегі Қ.Бөлеев, Қ.Жарықбаев, С.Ұзақбаева, С.Қалиев, т.б. көптеген қазақ зерттеушілері осы дәстүрді жалғастырып, халық педагогикасы тарихын, оның ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар поэзиясындағы көріністерін, орта ғасыр ойшылдарының педагогикалық ой-пікірлерін жан-жақты қарастырып келеді.

Кез келген жас ұрпақ адам бойындағы ерекше қасиеттердің бірі мәдениеттілігі болса, оны игеруге өмір бойы алатын білім жүйесін толықтырып отыруға міндетті болуы керек. Ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеттілік, яғни ұлттымыздың бойындағы кішіге ізеттілік, үлкенді сыйлау, өз орнын біліп, адаммен қарым-қатынас жасауы, байыпты сөзі, биязы мінезі, салмақтылығы мен сабырлығы, адаммен тіл табысуы, өзін-өзі ұстай білуі, әсемдік пен ізгілікке үмтүлүү т.б. жеке бастың, ар-ожданының қорғаны болуға бағытталуы керек.

Ұлттық тәлім-тәрбие мәселесі бойынша кейінгі жылдары іргелі зерттеулер жүргізіліп, ғалымдардың назарынан түскен емес. Қазір де соңғы педагогикалық тәжірибелер, сондай-ақ, психологиялық, дидактикалық және қолданбалы педагогикалық, озық технологияларға сүйене отырып, ұлттық тәрбие мәселесін одан әрі ғылыми негізделеп, қайта жаңғырту мен дамыту бұғандегі өмір талабы болып отыр. Ұлттық тәлім-тәрбие мұраларын мектептегі оқу-

шылар ұжымдарының іс-әрекеттерінде барыншы пайдалану – қазіргі кездегі педагогикалық талаптардың бірі.

Осы орайда салт-дәстүрлердің бүгінгі күнге дейін жетіп, ұрпақ тәрбиесіне елеулі әсер тиғізіп отырғаны белгілі. Жас ұрпақты тәрбиелеу процесінде халықтық педагогиканың орны ерекше. Оның мазмұны мен маңызы жөнінде белгілі ғалым С.Ұзақбаева: «Халықтық педагогика – тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан-ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы өнері) беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан. Халықтық педагогиканың мақсаты – жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы мұрраттарына тәрбиелеу», – деп көрсетеді. Сондықтан халықтық педагогикадағы жастарға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру ерекше орын алады. Бұл арада студенттерге этнопедагогика негіздерін үйретуші оқытушы халықтық салт-дәстүрлердің адамгершілк пен көркемдікке, ізгілікке құрылған ең озық үлгілерін ұсынуы қажет.

Қазақ этнопедагогикасындағы тәлім-тәрбие мәселесін зерттеуге елеулі үлес қосқан қазақстандық ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Ж.Наурызбай, М.К.Балтабаев, З.Әбілова, Ә.Табылдиев, Қ.Белеев, Ж.І.Асанов, С.Т.Иманбаева, П.Оршыбеков, Е.Сағындықов, Қ.Ж.Қожахметова, І.Халитова, С.Ғаббасов, Қ.Болатбаев, М.Құрсабаев, М.Оразаев, Р.К.Төлеубекова т.б.

Адамгершілік мұрраттың эстетикалық тұрғыдан бейнеленуі адам тіршілігінің санаалығын айқындауға мүмкіндік беретін бұлтартпас белгілерінің бірі – оның болмысқа деген эстетикалық қарым-қатынасы. Адам бойындағы табиғи сезімдердің баршасы осы қарым-қатынас барысында туындастын алуан ықпалдарға байланысты көрініп, тұрлі рең алатыны, әдебиет пен өнер шығармасында соған сәйкес өзіндік көрінісін табатыны мәлім. Рухани кемелдену осынау процестің қаншалықты жүйелі, жемісті жүргізілуіне, саяси, тарихи, қоғамдық-әлеуметтік факторлардың сол процеске қаншалықты қолайлы жағдай жасалуына тәуелді. Міне, осы ретте рухани кемелденуге бастайтын рухани қажеттілікті – адамгершілік мұрат мәселесі еш уақытта күн тәртібінен түсіруге болмайтын мәңгілік көкейкесті проблемалардың бірі. Сонымен бірге, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие тәжірибесін бақылау барысында жастарға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру мәселесі этнопедагогикалық тұрғыдан жеткілікті зерделенгенімен, бүгінгі күнде болашақ ұрпақтың эстетикалық талғамын, адамгершілік қасиеттерін, халық педагогикасының тағылымдарын пайдаланып, жастардың адами-көркемдік тәрбиесін қалыптастыру қажеттілігі арасында белгілі бір дәрежеде кейбір қайшылыштар туып отыр.

Қазақ халықының адамгершілік-эстетикалық тәрбиесінің басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мән-мазмұны, ерекшеліктері бар. Осылардың бәрі атадан-балаға жазылмаған заң ретінде халық педагогикасы құралдары арқылы өндөліп, толықтырылып отырған.

Халық педагогикасында ең негізгі қағида адамнан, адамның өмірінен артық, одан қымбат, одан қасиетті ешқандай құндылық жоқ деген көзқарасты ұстану және адамды айыrbастайтын, оны өмірі пида боларлық дүниеде ешқандай құндылықтың жоқтығын түсіну болып табылады. «Адам деген ардақты ат», «Адам болып туған соң, адам болып өлү ләзім», «Атанаң баласы болма, адамның баласы бол», т.с.с. халық даналығындағы мақал-мәтеддер адамның құндылық екенін дәлелдейді.

Қазақ этнопедагогикасындағы алтын діңгегін адамгершілік тәрбиесі құрайды. Адамгершілік – адамдардың қунделікті қарым-қатынасына байланысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жана шырлық пен сенім, кең пейілділік, басқалардың мұддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттердің қамтиды, сондай-ақ кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық та адамгершілікке жатады. Адамгершілік ұғымы ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде, адамның игілігі мақсатқа айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен қоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кең мағынада да қолданылады.

Адамгершілік-эстетикалық тәрбие мәселесі қазақ ағартушыларының шығармашылығында терең орын алған. Қазақ ағартушылары – Шоқан Үәлиханов, Ұбырай Алтынсағарин, Абай Құнанбаев өздерінің саяси-қоғамдық, ғылыми және әдеби еңбектерінде қазақ халықының адамгершілік-эстетикалық тәрбиеге аса қатты көңіл бөлді. Халық шығармашылығын жинап зерттеу арқылы қазақтардың адамгершілік қасиеттерін және эстетикалық талғам деңгейін, болмысқа деген эстетикалық көзқарасын көрсете білді, эстетикалық тәрбиеге байланысты көптеген құнды пікірлер айтты.

Қазақ ағартушыларының адамгершілік-эстетикалық көзқарастары мен орнықты пікірлері халықтың дүниетанымдық көзқарастарымен тығыз байланыстырылығы сол өздері өмір сүрген дәүірдегі тарихи жағдайлардан туындалап отыр. Ол – заны құбылыс. Бұл жердегі басты мәселе ағартушылардың адамгершілік-эстетикалық тәрбиені жан-жақты, жүйе-

лі талдап зерттеуінде емес, керісінше мүмкіндігінше сол проблемалар жайлы сөз қозғап, өз көзқарастары мен пікірлерін айтып тұжырымдауында жатыр.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндел сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер де болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар наси-хатталса, жұмбақтар мен айтыстарда ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда әсемдік тәрбиесінің негізгі принциптері, ал өртегілер халықтар тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Себебі, халықтық педагогика тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтық рухани мұрасы.

Тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеушісі, археолог, этно-граф, саяхатшы, ағартушы Шоқан Үәлиханов өзінің шығармаларында халық тұрмысын, әдет-ғұрпын, тілін, өзара қарым-қатынасын, оның әрқайсысының ерекшелігіне асқан дәлдікпен талдау жасады. Шоқанның әдеби мұрасынан халық ауыз әдебиетінің барлық нұсқаларына байланысты ойлы тұжырымдарды, тың маглұматтарды табуға болады. «Қазақ халық поэзиясының тұрлери туралы» еңбегі поэзияның теориясы туралы алғашқы зерттеулердің қатарына жатады.

Қазақ педагогикасының негізін салушы, педагог-ағартушы, ақын және прозаик, публицист балалар жазушысы, орыс графикасы негізінде қазақ алфавитінің негізін қалаушы Ұбырай Алтынсарин мектеп пен тәрбие өз халқының тұрмысы мен өмірінің тарихи ұлттық ерекшелігіне сәйкес келу идеясын ұсынды. Мектеп ашып, оқулықтар, хрестоматия жазды. Оған өзінің балаларға лайықтап жазған әңгімелері мен өлеңдері енгізілді. Ұбырай әңгімелерінің негізгі түйіні: жас буынды өнер-білімге үндеу, адамгершілік мінез-құлышқа тәрбие-леу болып келеді. Ұбырай ақын, тұнғыш педагог, ұстаз-ғалым. Оның мұрасы тарихқа да әдебиетке де тән, ұстаздық тәрбиелік ой-пікірлері қазақтың таусылмас қазынасы.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпо-старда, өртегілер мен аңыздарда, шешендей сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы үрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Қазақ халқының сан ғасырдан бергі тәрбие жөніндегі өнегелі істері мен сөздері, тұрмысы, өнері, өмір тәжірибесі халық педагогикасының асыл қазынасы болып келеді.

Қай заманда болмасын, үрпақ тәрбиесі адамзаттың парзызы болды. Өйт-кени, әрбір халық өзінің тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын жас түлектерді ғасырлар бойы тәрбие әдістері мен тәсілдерін қолданып, өмір тәжірибесі сынынан өткен әдептілік, сыпайлық, адалдық, инабаттылық, іскерлік, мейірімділік, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, үлкен-ді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қабілеттерін олардың бойына еккен.

Халық педагогикасының негізіне халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халық ойындары, тағы басқалар жатады. Демек, халық педагогикасы ғасыр бойы өмір тәжірибесіне негізделген үрпақ тәрбиесіндегі дәстүрлер мен әдет-ғұрыптың, мәдени ой-пікірлердің жиынтығы.

Халық педагогикасы – асыл қазынамыз, ата-бабамыздан қалған мол мұрамыз, осы мұрамызды өз қажетімізге орынды түрде жаратып алсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Ғасырлар бойы сұрыпталып, әртүрлі сыннан өткен осы бір қазынамызды педагогикалық әдіс-тәсіл ретінде пайдалана білу, кейінгі үрпақ алдындағы ауыр да үлкен жүк, міндет.

Сондықтан, балаларды кіндік қаны тамған жерінің қасиетті тарихымен, мәдениеті және тілін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып ерекшеліктерімен таныстыра отырып, рухани жоғары деңгейде тәрбиелу алдағы ұлы мақсаттардың бірі болмақ.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақтың халық педагогикасының тарихынан. Жарықбаев Қ., Қалиев С., Алматы, «кітап», 1992 ж.
2. Халықтық салт-дәстүр. // Бастауыш мектеп. №2, 2004 ж.
3. Халық педагогикасы - асыл қазына. Ш. Тоқсанова. Сынып жетекшісі журналы, №1-2004
4. Ұлттық тәрбие беру. Қ.Белеев, Л.Ибрағимова. Бастауыш мектеп. №10-2004 ж.
5. Халық педагогикасымен сабактастыру. Р.Кенжебаева. Бастауыш мектеп. №8-2004 ж.
6. Халық педагогикасының негіздері. С.Ғаббасов. Алматы, 1995 ж.
7. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. С.Қалиев. Алматы, «Рауан», 1998 ж.
8. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейір ғылыми және теориялық мәселелері. Қ.Ж.Қожахметова. Алматы, 1993 ж.